

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір ауданы Шығырлы ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 12 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Темір аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 12 маусымда № 3-10-197 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Шығырлы ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 6 тамыздағы № 17 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Шығырлы ауылдық округі әкімінің 06.08.2018 № 17 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Темір аудандық аумақтық инспекциясының бас ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 2-14-16/88 ұсынысы негізінде, Шығырлы ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүйізді ірі қара малдарының арасынан пастереллез ауруының анықталуына байланысты Шығырлы ауылдық округі, Бірлік елді мекенінде орналасқан "Қуаныш" шаруа қожалығы аумағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Шығырлы ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Темір аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;
2) осы шешімді мерзімді баспа басылымында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығырлы ауылдық округінің әкімі:

С.А. Кадыров

